

ЖШС «Нұр-Бебек» мектепке дейінгі шағын орталығының педагогикалық  
кеңесі отырысының хаттамасы №3

13.12.2023 жыл

Шымкент қаласы

Төрайымы - Бейсеева Г.Е..  
Хатшысы - Сейткәрім Б.  
Қатысқандар -8

### Күн тәртібі

1. Зерделеу жұмысының қорытындысы.
2. «Инновациялық әдістер мен технологияларды қолданып, әлеуметте ауызша қарым – қатынас жасау, диалог құру дағдыларын қалыптастыру. (өз тәжірибесімен бөлісу).
3. Әдеби ертегі» ойын викторинасы

#### 1. Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша орталық әдіскері Г.Бейсеева зерделеу жұмыстарына тоқтала келіп, барлық технологиялардың элементтерін ұйымдастырылған іс-әрекет бағыттарында қолдану қажеттігін және оның нәтижесін өз әріптестерімен бөлісу керектігіне тоқталды. Сонымен бірге мектеп жасына дейінгі ұйымдарда жобалау, зерттеушілік технологиясын қолдану оң нәтиже беретіндігін айтып өтті.(материал тігіліп отыр).

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша тәрбиеші А.Амирбекова мектепке дейінгі балалардың қатысымдық құзырлықтарын қалыптастыру жайлы тоқталды.

Мектеп дейінгі жаста коммуникативті құзырлығының дамуында маңызды өзгеріс болады. Оның араласу шенбері кеңейеді. Ересектерден бөлек ол өз құрдастарымен араласа бастайды. Басқа балалардың да өзі сияқты екенін көреді. Ол мұны бұрын байқамады, көрмеді деген емес, бірақ құрдастарын түсіну ерекше қасиет – саналылықты қалыптастырады.

А. Н. Леонтьевтің сөзі бойынша дәл осы жаста адами қасиеті қалыптасады.

Баланы қарым - қатынасқа түсуге жетелейтін негізгі 3 қажеттілік:

- Өсер ету;
- Белсенді іс - әрекет;
- Мойындау мен қолдау;

Қарым - қатынасқа қабілеттілік қамтиды:

- Қоршаған ортамен қарым - қатынасқа түсуге деген қалауы “Мен қалаймын”
- Қарым - қатынасты ұйымдастыру білігі “Мен жасай аламын”
- Басқаларды тыңдау, шиеленісті жағдайларды шешу “Мен білемін”

Балалардың балабақшага бейімделу кезінде олардың көпшілігі ашушаң, ызақор, өте белсенді, эмоциясын ұстай алмайтын немесе үялшак, өзіне деген бағасы темен, сөздік қоры аз, құрдастарымен қарым - қатынас жасай алмайтындығы байқалады. Осындаі балаларды зерттей отырып, мынадай ойындар картотекасы бойынша жұмыстар жүргізу қажет.

- Бұл ойындар 4 блоктан тұрады.

1 - блок балалардың бір - бірімен жақын болуына бағытталған ойында «Кел, танысайык!»

Балалар шеңбер жасап тұрады. Бастаушы өз атын, жақсы қасиетін айтады «Шеңберге кір!».

Балалар шеңбер жасап тұрады. Бір бала сыртта тұрады. Ол шеңберді бұзып шеңберге кіру керек.

«Қалпақтар».

Барлық қатысушыларға таяқшалар және түрлі - түсті қалпақтар беріледі.

Қатысушылар таяқшаның көмегімен қалпақтарды келесі адамға беріп «Саламатсыз ба! Менің атым.....» дейді. Келесі адам «Танысқаныма куаныштымын» деп жауап береді. Қалпақты қолмен ұстауға болмайды.

2 - блок балалардың эмоциясын дамытуға бағытталған ойындар

«Рөлдік гимнастика»,

Балалар сәби, ата, аю, тұлқі сияқты жүру керек.

«Эмоциямызды жаттықтырамыз».

Балаларға әртүрлі тапсырмалар беріледі. Олар орындау керек. Мыс; ку тулкі, күзгі бұл сияқты немесе зұлым сиқыршы сияқты қабағынды түй. т. б.

3 - блок әлеуметтік қабылдау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған ойындар

«Ойлан да бейнеле».

«Ғажайып кәмпитеттер».

Балаларға қораптың ішінде не бар екені сұрапады. Кәмпитеттерді жеген соң сиқыршыға айналатынын айтады. Барлық адамдарға олар қуанатындей тілек айту керек.

4 - блок өзіндік “Мен” ұғымын қалыптастыруға бағытталған ойындар

«Комплимент».

Балалар бір - біріне қарап тұрып көршісіне жақсы тілек, мақтау сөз айтады да қағаз шамды береді. Бастысы қайталамау керек.

«Мақтаулы моншақтар».

Балалар үстелде отырып досының жақсы қасиетін айтып бір моншақты жіпке тізеді. Келесі бала жалғастырады.

«Біздер доспыз».

Балалар шеңберге тұрып шарды жоғары көтеріп достарын айтады. Барлық шарларын қосып біздер бәріміз доспыз деп айтады.

Коммуникативті әрекетті дамытуда жүргізілген жұмыстардың қорытындысы бойынша балалар мейірімді, тату, өздеріне сенімді бола түсті. Өзара ойнап араларындағы жағдайларды өз бетінше шешуге үйренеді.

Тәрбиеші Б.Сейткәрім сөйлеуді дамыту барысындағы қарым- қатынас бойынша режиссерлік ойындар мен ойын драматизацияларын ұйымдастырылуына тоқталды.

Диалог күнделікті қарым-қатынаста, ойында, серуен кезінде ұлкендермен, өз достарымен жүзеге асырылады.

Мұнданың қарым-қатынастың өзі баланың қойылған сұраққа дұрыс жауап беруіне өзіндік ықпалын тигізеді.

Диалогты байланыстыра сөйлеудегі тілге қойылатын негізгі талаптың бірі – оның мазмұндылығында. Тіл дамыту сабағын тәрбиеші қызықты әсерлі түрде ұйымдастырса, ол әр баланың сөйлеуін қамтамасыз етеді, яғни балаға сөйлесу қажеттілігін тудырады. Оқылған ертегіні айтып беру, сол топтағы балалардың байланыстырып сөйлеу деңгейіне қойылған мақсатқа да байланысты.

Тәрбиешінің айтқан ертегісін зейін қоя тындал, ертегіні диалогты түрде айттып беруде, грамматикалық тұлғада, дұрыс байланыстырып айтуда үйретеді. Диалогты

сөйлеу мәдениеті арнайы жоспарланған сабактарда, сабактан тыс ойын сәттерінде, шығармаларда сахналар арқылы дамытылады.

«Балбебек» бағдарламасы бойынша балабақша бөлімінде «Мамандықтың бері жақсы» тақырыбында балалар кейін кім болғысы келетінің сұрақтарға диалогты, монологты сөйлеу арқылы жауап беруге үйренеді. Байланыстырып сөйлеу үйретуде сөздік жұмысы үнемі, жүйелі жүргізіліп отырады.

Балалар диалогты байланыстыра сөйлеуін дамыту барысында режиссерлік ойындар және ойын драматизациялар баланың дауыс ырғағын сұраулы сөйлем, лепті сөйлеу, хабарлы сөйлем, өтініш жасау, таң қалу, қуануды келтіріп айтуға жаттықтырады.

Драматизациялық ойын кезінде тәрбиеші оқып берген шығармадағы өз рөлінің сөздерін, бала жүйелі түрде диалогты сөйлеу арқылы толық жеткізеді.

Олай болса баланың тілін дамытуға алдымен бірінші сөйлеу процесін дұрыс жолға қоя керек.

Диалогты дұрыс сөйлеу дегеніміз – әдеби тілдік нормасының сақтап ойдың дұрыс берілуі. Баланың сөздік қорын байыту сөйлеумен байланыстыра жүргізіледі. Ал сөздік қорының бауы баланың байланысырып сөйлеуінің кепілі болмак. Олай дейтініміз сөйлеу үшін бала өз ойын жеткізуге катысты сөздерді білу қажет.

Ересектер тобында драматизациялық ойында «Балбебек» бағдарламасындағы жас ерекшеліктеріне байланысты халық ертегілерін алады. Мысалы «Үйшік», «Тырна мен тұлқі», «Жетіс қозы мен қасқыр» т.б. ертегілерден кейіпкерлерді қымыл арқылы және сөзben айтуы. Балалар әр қымылды айтылған сезге қарап отырып жұмбақ ойынның шешуін айтады. Сұрақ-жауап әрі қарай жалғастырылады.

- Ересектер тобында «Үйшік» ертегісін сахналаганда, ата-аналар көмегімен дайындаған кейіпкерлердің дайын костюмдарын киіп, балалар берілген рөлдерін диалогты айту және қымыл арқылы ойнап шығады. Балалар ертегідей жағымды, жағымсыз кейіпкерлермен, олардың достарын осы ертегіде диалогты ойлау арқылы танысты және ауыз еki сөйлеуге үйренеді.

Ересектер тобында «Мақта қыз бер мысық» ертегісін сахналадық. Ертегіні сахналамас бұрын маскалар балалармен бірге дайындалдық, Дамирдың анасы билеттер, ақшалар, жарнамалар дайындағанда беріледі. Ертегідегі «Мақта қыз бер мысықтың» үйінің ішкі көрінісіндегі заттарды алдын ала дайындаған, балаларға ертегідей рөлдер, карточкаларды үlestіру арқылы бөлініп беріледі. Кейіпкерлердің кейпіне ене отырып, кейіпкерлердің атынан балалар диалогты байланыстыра сөйлеу тілін дамыта айта біледі. Рөлдерде ойнағанда көркем сөздермен танысып, сөздік көрларын толықтырады. Берілген ертегідей кейіпкерлерге байланысты балалар қуанышты, жалынышты, мұңлы дауыс ырғақтарын интонациясын дұрыс қойып айта біледі.

Драматизациялық ойын мен бірге режиссерлік ойынын да балалар диалогты байланыстырып сөйлеу тілін дамыту барысында тигізер әсері мол.

Режиссерлік ойын – балалардың ойындарының бір түрі. Мектеп жасына дейінгі балалардың режиссерлік ойыны кинодағы, спектакльдегі режиссердің іс-әрекетіне үқсас келеді.

Режиссерлік ойын балалардың бір мезетте әр түрлі рөлдерде орындауға және іс-әрекет пен сөздерді ойлауына ойынның дұрыс өтілуіне талап етіледі. Балалар рөлдерде үлкендердің іс-әрекетіне дауыс ырғақтарына еліктеп айтулары балалардың сөйлеу тілін дамытуда үлкен әсерін тигізеді.

Ересектер тобында балалар фантазиясы өте жақсы дамиды. Балалар ойнау барысында үлкен кубиктерді машинаға, адамға, кірпішке, үлкен жұмсақ итті аюға, сұр матаның қызындысын қасқырға теңейді. Бала өзінің ойынан сценарий жүйесін өзі ойлап табады. Бұл сценарий жүйесі 2-3 сөйлемнен тұруы мүмкін. Бұл баланың өз тілек талабы. Бала сценарийдегі барлық рөлдерді өзі жалғыз орындаиды, не

болмаса 2-3 баламен ойнайды. Балалар ойнап жатқанда балалардың үлкендердің рөліне кіріп ойнап жүргенін көруге болады. «Шаштараздың», «дәрігердің» рөліне еніп көрген іс-әрекеттерді қайталап 2-3 баламен диалогты сөйлеу арқылы ойнайды. Машина жүргізушісі, сатушының т.б. ойындар. Болашақта мектеп жасына дейінгі балалардың диалогты байланыстырып сөйлеу тілін дамыту барысында режисерлік ойындар және оның драматизацияларды жиі ұйымдастырып кіші топтағы балаларға ертегілерді көрсету. Балалар айна тәрізді өмірде нені көреді соны қайталап көрсетеді.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша логопед Г.Орынбасар қарым- қатынас тренинг – ойындар жайлыштыруды.

Қарым - қатынас тренинг - ойындар.

Мақсаты: Топтағы балалармен қарым - қатынас орнату, балабақшаға бейімделуіне эмоционалды көмек беру, өзін - өзі дамыту, зейінді дамыту, психоэмоционалдық қысымды тежеу, эмоционалды нақты қимылдарды дамыту.

Сабакқа керекті материалдар: жағымды әуен.

Тренингтің барысы:

Жылудың шенбері: «Күн» ойыны.

Мақсаты: оқушыларды өзін таныстыруға, дұрыс сәлемдесуге, басқаларды тыңдай білуге үйрету.

Жүргізулу барысы: Менің қолымда күн тұр. Ол қазір айналған барлығымыздың қолымызға өтеді. Кімде - кімнің қолына, күн түссе, сол өз атын атап, көршісінің атын атап, шарды оған береді.

Орманға саяхат жаттығуы.

Психолог балаларды ойдан шығарған орманға саяхатқа шығарады. Балалар психологтың қимылдарын орындаған артынан келе жатады: аюды оятып алмай аяқтың ұшымен тып - тыныш, ойдым жерлермен, тәбешіктермен, айналасы тікенекке толы жіңішке жолмен жүріп келеді, астында бұлағы бар қираған көпірден өтіп, батпақты жерлерден секіріп, еңкейіп саңырауқұлақ пен гүлдер теріп, жоғарыдағы жаңғақтарды жинайды.

Тас пен жолаушы жаттығуы.

Психолог серуеннен кейін демалу керектігін айтады. Балалардың біреулері тас, ал кейбіреулеріне жолаушы болу ұсынылады. Тас болған балалар жерге тізесін құшақтап, қатып отырады, ал жолаушылар тас болып отырған баланың арқасына сүйенеді. Содан балалар орындарын ауыстырады.

Төрт құбылыс тренингі

Мақсаты: Топтағы балалардың бір - бірімен жақындей түсініп жеке тұлға арасында жағымды

қарым – қатынасты орнату, есте сақтау қабілетін дамыту.

Уақыты: 10 - 15 минут

Жүргізулу: Балалар шенбер жасап тұрады.

Жүргізуши “су” деген деңгендегі балалар қолдарын алдарына созады, “ая” дегенде қолдарын жоғары көтереді, “от” дегенде екі қолын айналдырады, “жер” дегенде қолдарын түсіреді. Кім шатысса сол ойыннан шыға береді.

Құлақ – мұрын тренингі

Мақсаты: Балада қабылдау процесінің қалай дамығанын анықтау.

Жүргізулу: Балалар шенбер жасап тұрады. Жүргізуши “құлақ” деп қолымен мұрынын, ал “мұрын” деп құлағын ұстайды. Ал балалар шатастырып алмай “құлақ” дегенде құлағын, “мұрын” дегенде мұрынын ұстасу керек.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша тәрбиеші Б.Акбердиева «Әдеби ертегі» бойынша тоқталып өтті.

Қазіргі қоғамда көркем әдебиет балалардың жеке тұлғасын қалыптастыруды маңызды рөл атқарады. Бұл сөйлеуді дамыту мен байытуға үлкен әсер ететін ақыл-ой, адамгершілік және эстетикалық тәрбиенің тиімді құралы. Әдеби викториналар оқырмандардың көкжиегін кеңейтеді, кітапқа қызығушылық тудырады. Викторина-бұл жалпы тақырыппен біріктірілген ойын.

Б.Акбердиева тәрбиешілермен «Ертегілер әлеміне саяхат» сайыс-онының өткізді

Балалар кітабы апталығында балалармен ертегілер әлемінде "атты әдеби викторина өткізу өте тиімді. Іс-шараның басты мақсаты көркем әдебиетке деген қызығушылықты қалыптастыруға бағытталады.. Викторинада балалардың әртүрлі ертегілер туралы білімдерін бекіту үшін суреттер қолданылады. Балалар викторина сұрақтарына белсенді жауап берді, ертегілерді, олардың кейіпкерлерін бірге еске алады. Балалар ұсынылған барлық тапсырмаларды сәтті орындалап, ертегілерді білетіндіктерін көрсетеді..

**Сайыс-онын: «Ертегі әлеміне саяхат»**

#### **Мақсаты:**

1. Балаларға ертегі туралы айту, оның түрлерін бөле білу. Ертегілердің кейіпкерлеріне мінездеме бере білуге үйрету.
2. Балалардың ойлау, есте сақтау, еркін сөйлеу қабілеттерін дамыту.
3. Балаларды ертегінің сүюгө тәрбиелеу.

#### **Ұйымдастыру кезеңі:**

**Жүргізушінің сөзі:** -Сәлеметсіздер ме, әріптестер! Біз бүгін Сіздермен «Ертегі әлемінде» деген КВН-ді тамашалаймыз.

Ертегі деген не? Әр халықтың өзінің ертегілері бар және олардың кіріспе сөздері де әртүрлі басталады. Мысалы: орыс халқының ертегілерінде «Жыли-были» деп басталса, қазақ халқының ертегілерінде айтылғандай,

«Бар еken де, жоқ еken,

Бөре бақауыл еken

Тұлкі жасауыл еken,

Ертек, ертек, ерте еken,

Ешкі жүні бөрте еken,

Құйрығы келте еken,

Құйрығы қызыл еекн,

Құйрық жүні ұзын еken», - деп, біз де ертегі әлеміне кірейік, ойындарға, жеңіске жетейік.

Алдымен үш топқа бөлініп, ертегіге байланыстыра команда мәзірдің атын қояйық.

### **1- тапсырма. «Сөзжұмбак»**

1. Кім сызырығыда үшады?
2. Аленушканың інісі неге айналды?
3. Үш басты жануар?
4. Қыста үйиқтайдын аң?
5. Апасы мен атасынан не қашады?
6. Қасқыр лактарға ненің өлеңін айтады?
7. Қызыл телпек нені кездестірді?
8. Тұлкі: - балықты құйрығыммен үстадым – деп нені алдады?
9. Қай ертегіде барлық аң бір үйге сыйып кетеді?

### **2- тапсырма «Көрініс»**

Әр топ ертегілердің инсценировкасын көрсетуі үшін Сіздерді ортаға шақырамын.

### **3- тапсырма. «Ақыл- жастан, асыл- тастан».**

Ертегіден алынған сөздерді оқимын, ал топтар қай ертегі және кейіпкерлері кім екенін атауларының керек.

1. Келші, менің мұрныма отыршы, соңғы кезде менің құлағым нашар естіп жүр.  
(Бауырсақ)
2. Әй, шал, мен ханша болғым келеді, -деді кемпір. (Алтын балық)
3. Үш баласы өз оқтарын әр жаққа атып, сол оқтармен бірге қалыңдықтарын алғып келу керек. (Ханшайым бақа)
4. Әжей, сіздің мұрныңыз неге үлкен? (Қызыл телпек)
5. Аю аспанда: - «Отырма, демалма, самсаны жеме» деген дауысты естіді (Маша мен аю)
6. «Менің сакам қайда» - деп, жылады бала. (Алтын сақа)

### **4- тапсырма. «Тез құра!»**

- Менде үш конверт бар, ішінде сурет бар, соған байланысты қысқаша ертегі құра.

Осы тапсырмалар бойынша тәрбиешілер толық қамтылып, жауап берді.

- Осымен бүгінгі «Ертегі әлемінде» деген ойын сауығымыз аяқталды. Топтардың белсенді қызығушылықпен катысқаны үшін көп-көп рақмет!

**Сөз сейлекендер:**

1. А.Амирбекова бүгінгі педагогикалық кеңестің тақырыбы өте ауқымды және терең маңында, мен өзім көптеген мағұлматтар алдым, енді өз тобымда толық қолдана аламын.
2. Б.Сейткәрім бүгінгі тәрбиешілердің инновациялық әдістер мен технологияларды қолданып, ауызша қарым-қатынас жасау, диалог құру дағдыларын қалыптастыру тәжірибелері өте қонымды әсер қалдырыды.

**Қаулы етті:**

1. Орталықтың барлық топтарында инновациялық әдістер мен технологияларды қолданып, ауызша қарым-қатынас жасау, диалог құру дағдыларын қалыптастыру мәселесі жолға қойылсын.
2. Әрбір топ тәрбиешілері өз тәжірибелерін көрсету белгіленсін.

Төрайымы



Бейсеб  
Сейт

Г.Е.Бейсеева

Б.Сейткәрім